

Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы

Білім беру ұйымы: ЖСШ«Little Baby»балабақшасы

Топ: «Қыран»ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: 05-09 ақпан айы, 2023-2024 оқу жылы

Күн тәртібінің кезеңдері	Дүйсенбі 05.02.2024ж	Сейсенбі 06.02.2024ж	Сәрсенбі 07.02.2024ж	Бейсенбі 08.02.2024ж	Жұма 09.02.2024ж
Балаларды қабылдау	Міндеті: Сөздік қор. Аяқ киім, байланыс құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, ертегі мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға, дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге, өз бетінше кітаптарды қарауға баулу.Сөздік ойын: «Бір сөзбен ата» Мақсаты: Баланың ойлау қабілетін дамыту,зейінділігін арттыру.(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: Сөздік қор. Аяқ киім, байланыс құралдары және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: байланыстырып сөйлеуге үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: “Бауырсақ” ертегісі мазмұнындағы әрекеттердің дамуын бақылауға,сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық ойын: «Ертегі кейіпкерлерін ата» Мақсаты: байланыстырып сөйлеуге үйрету.(Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)	Міндеті: Сөздік қорды ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық ойын: «Кімге не керек?» Мақсаты: байланыстырып сөйлеуге үйрету. (Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Міндеті: Қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Дидактикалық ойын: «Ажырат» Мақсаты: сөздік қорын байыту.Қазақ тілі, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Баланың басқа балалармен қарым – қатынасы жайлы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы, туралы әңгімелесу.	Ата-аналармен баланың көңіл-күйі, денсаулығы туралы әңгімелесу.
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Шама.Бірдей заттарды салыстыру, берілген белгісі бойынша (ұзындығы, ені, биіктігі, жалпы шамасы бойынша) бір затты екінші затпен беттестіру. Дидактикалық ойын: «заттарды салыстыр» Мақсаты:бірдей заттарды салыстыруға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: Табиғат құбылыстарын маусымдық, жылдың қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, анықтау. Қимылды ойын: «қолшатыр» Мақсаты: маусымдық құбылыстырды ажыратуға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: бір затты екінші затпен беттестіру. Табиғат құбылыстарын ажыратуға үйрету. Дидактикалық ойын: «кемпірқосақ» Мақсаты:заттарды беттестіруге үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру, сурет салу)	Міндеті: заттардың шамасын салыстыруға үйрету. Дидактикалық ойын: «Айырмашылығын тап» Мақсаты: бірдей заттарды салыстыруға үйрету. (Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)	Міндеті: қысқы мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу, анықтау. Қимылды ойын:«кыс қызықтары» Мақсаты: тәулік бөліктерін ажыратуға үйрету.(Математика негіздері, қоршаған ортамен таныстыру)
Таңертеңгі жаттығу	Таңертеңгі жаттығулар кешені (Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті). Кіріспе бөлімі: Бірінің артынан бірі сапқа тұру. Денені тік ұстау. Шеңбер бойымен денені тік ұстап, адымдап жүру. Шеңбер бойымен тұру. Қолдарын созып, арақашықтықты сақтау. Б.қ.: «Араның ұшуын бақылау» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар бүйірде. Мойынды оңнан солға қарай, солдан оңға қарай айналдыру. «3-3-3» деп айту/6 рет қайталау/ Б.қ.: «Қарлығаш ұшты» Аяқтары алшақ қойылған, қолдарын жан-жаққа созып, құстың ұшу қимылын жасау. «Ұшты-ұшты» сөзін айту. /6 рет қайталау./ Б.қ.: «Жел соқты» Аяқтар алшақ қойылған, қолдар жоғарыда, оңнан - солға, солдан- оңға иілу. /6 рет				

	қайталау./ Б.қ.: «Шапалақ» Аяқтарын алшақ, қолды жанға созу. Секіріп аяқты біріктіру. Қолды жоғары созып, шапалақтау. «Шапалақ» деп айту. /6 рет қайталау./ Қорытынды: Адымдап шеңбер бойы жүру. Шеңбер бойымен денені тік ұстап жеңіл жүгіру. (Дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті) Асың, асың, асыңа, Бақыт қонсын басыңа, Дастарханың мол болсын, Көңіл күйің жай болсын. Астарың дәмді болсын! Ботқаны тауысып жеуге, нанның қиқымын жерге тастамауға үйрету.				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік, ойын, танымдық әрекеттер				
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Доппен ойын көңілді» Міндеті: Домалату, лақтыру, қағып алу. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Шеңбер бойымен тұрып: 1.Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас,	Дене шынықтыру Тақырыбы:«Көңілді аяқтар» Міндеті: Секіру. Тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіру. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау.	Музыка Маман жоспарына сәйкес.	Дене шынықтыру (таза ауада) Тақырыбы: «Төмпешіктен төмпешікке» Міндеті:Қимылды ойындар. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу Қимылдарды орындауда балалардың	Қазақ тілі Тақырыбы:«Жануарлар әлемінде» Міндеті:Сөздік қорын байыту. Ауызекі сөйлеуде, түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және

	дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар: - допты домалату; - допты лақтыру, қағып алу. - допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу. Қадағалау, бақылау. Қимылды ойын: «Допты домалат» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»	Шеңберде: 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) 2. Негізгі қимылды жетілдіруші жаттығулар - тұрған орнында қос аяқпен сызықтан секіру. - таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыканың сүйемелдеуімен орындау. Бақылау, қадағалау. Көмек беру. Қимылды ойын: «Ормандағы аю» Тыныс алу жаттығуы: «Шар үру»		дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Спорттық жаттығулар. Шанам ен биік емес төбеден сырғанау. 1. Жалпы жетілдіруші жаттығулар. (бас, дене, аяқ бөліктеріне арналған) Қимылды ойын: «Сырғанақ тебеміз» Еркін ойындар. Шанамен сырғанау. Тыныс алу жаттығуы: «Қарды үрлеп ұшыр»	түсіну дағдыларын қалыптастыру. “Ұлттық бұрышты тамашалау” Шаттық шеңбері «Сәлеметсің бе, алтын күн!» Сәлеметсің бе, алтын күн! Сәлеметсің бе, көк аспан! Сәлеметсің бе, жер ана! Сәлеметсіңдер ме, достарым! Ұлттық бұрышты тамашалау. 1. Қазақ халқының бұйымдарымен танысу 2. Төрт түлікті танимыз 3. Тыйым сөздердің мағынасын түсіндіру Сергіту сәтін орындау. Ұлттық ойын: “Асық” ойыны Мақсаты: шапшандыққа, жылдамдыққа баулу. Еркін ойындары
Серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық – ойын жабдықтары мен спорттық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу. Балаларды ретімен киіндіру (ауа-райы жағдайына байланысты), дұрыс киінуді бақылау (сөйлеуді дамыту,				

	өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету.				
Серуен	Серуен№6 Аязды бақылау. Мақсаты: Қыс мезгіліндегі күннің суықтығы-аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де колғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: Ауладағы қарды күреу. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету.(қоршаған ортамен таныстыру) Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу». Мақсаты: Балаларды ұйымшыл	Серуен № 7 Қыстап қалатын құстарды бақылау. Мақсаты: Қыстап қалатын құстардың түрлерімен таныстыру, қыстап қалатын құстар туралы мағлұмат беру, «олар үшін қыс та, аяз да қатер емес, аштық қатер» деген ұғымды қалыптастырып, қамқорлықпен қарауға үйрету.(қоршаған ортамен таныстыру) Қимылды ойын: «Кім жылдам?» Мақсаты: Ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Балалардың бойындағы зейінділік, сезімталдық қабілеттерін дамыту.(дене шынықтыру) Еңбек: Құстарға жем	Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі. Мақсаты: Қысқы еңбекпен таныстыру барысында үлкендердің еңбегін түсіндіру, еңбекке ынтасын тудыру . Тақпақ: Қыстыгүні таңертең, Ерте оянып жас бала. «Қар» деп сыртқа қарайды, Көңіл бөлмей басқаға. (көркем әдебиет) Қимылды ойын: «Ақ қоян». Мақсаты: Балаларды шапшаңдыққа, ептілікке баулу. (дене шынықтыру) Еңбек: Ауладағы қарды тазалау. Мақсаты: Балаларды еңбекке ынтасын	Серуен№9 Шыршаны бақылау. Мақсаты: Шыршаның тікенекті, оның қысы-жазы бір түсте болтынын көрсете түсіндіру. Тікен-тікен тік пісте Қысы-жазы бір түсте. (Шырша) Қимылды ойын: «Аңшы мен қояндар» Мақсаты: жылжымалы лақтырған нысанға затты тигізу, жүгіруге өрмелеп шығуға жаттықтыру (дене шынықтыру). Еңбек: Ауладағы шырша түптеріне қар үю. Мақсаты: Үйілген қардың көктемде еріп, суға айналатындығын,	Серуен № 10 Мұзды бақылау. Мақсаты: Мұзды көрсете отыра сипаттау. Қыс мезгілінде өзендер мен көлдердің бетін мұз басатындығы жөнінде түсінік беру. Еңбек: Тайғанақ жерге құм себу. Мақсаты: Балаларды бірлесіп жұмыс жасауға баулу. Өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауларын қадағалау.(қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жаңа жыл туралы тақпақ жаттату. Жаңа жыл, жаңа жыл, Жаңа жылда-жаңа нұр. Жасыл шырша жанында Жадырап бар бала жүр. Мақсаты: Еске сақтау

	тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. (дене шынықтыру) Жеке жұмыс: Жұмбақ. Терезеге қонады, Әсем ою ояды.(Аяз). Мамықтай ұлпа, Қанттай ақ. Қыста жер бетін басады, Жазда сайға қашады. Мақсаты: Жұмбақ жаттату арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.(көркем әдебиет)	шашу. Мақсаты: Қыста құстарға аштықтың қатерлігін түсіндіре отырып, оларға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.(қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жылы жаққа ұшпайтын Біздің жақта қыстайтын Құстар жүрсе жуықта, Жем шашуды ұмытпа! Мақсаты: Тақпақ жаттата отырып, мағынасын түсіндіру. балалардың сөздік қорларының белсенділігін арттыру, (көркем әдебиет)	арттыру. Тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Жазда таудың басында Қыста аяқ астында, Балмұздақтан аумаған Бұл не тағы расында?(Қар) Мақсаты: Балаларға жұмбақ жасыра отырып, жылдам шешім таба білуге, есте сақтау қабілеттерін дамыту.	шыршаның ылғалды жағдайда жақсы өсетіндігі туралы айтып, түсіндіру. (қоршаған ортамен таныстыру) Жеке жұмыс: Дана нұр, қала нұр. Құтты болсын Жаңа жыл! Жасыл шырша жанында, Билеп барлық бала жүр. Мақсаты: Жаңа жыл кеші шыршасыз өтпейтіні туралы түсіндіру. (көркем әдебиет)	қабілетін дамыту, сөздерді қатесіз дұрыс айтуға үйрету.(көркем әдебиет) Қим ойын: «Тышқан мен мысық». Мақсаты: Шапшандыққа, жылдам шешім қабылдауға үйрету. (дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес ойын әрекеті).				
Түскі ас	Сабынмен қолдарын сабындап, киімдерін суламай жуыну. Өзінің жеке сүлгісін тани білуді үйрету. Сүлгіні дұрыс қолдануды дамыту, орнына іліп қоюын қалыптастыру.Тамақтану кезінде орындықта тік отыру. Астың дәмді болуын тілеу. Тамақты дұрыс ішу. Қасықты дұрыс ұстау, майлықты қолдану ,нан қиқымын шашпай, сорпа мен сусынын төкпей ішуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, еңбек әрекеті)				
Күндізгі ұйқы	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет;				

	Көркем әдебиет - коммуникативтік, танымдық әрекет (кітап оқып беру); Музыка – шығармашылық әрекет (музыка тыңдау); Қоршаған ортамен таныстыру – танымдық, еңбек (түймелерін, киімдегі ілгектерді өзбетінше шешу, киімдерді орындыққа немесе арнайы сөреге ұқыпты ілу);				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет; Музыка – шығармашылық әрекет (балаларды музыкамен біртіндеп ұйқыдан ояту); Дене шынықтыру - қимыл белсенділігі (орындарында отырып, дене жаттығуларын, тыныс алу жаттығуларын орындау); Қоршаған ортамен таныстыру – еңбек, танымдық әрекеттер (реттілікпен өзбетінше киіну, түймелерін салу, аяқ киімді дұрыс кию, қыздардың шашын тарау, өру);				
Бесін ас	Сөйлеуді дамыту– коммуникативтік әрекет, өзіне-өзі қызмет көрсету (бесін ас алдында гигиеналық шараларды орындау, көркем сөз қолдану) Математика негіздері – коммуникативтік, танымдық, еңбек әрекеті (кезекшілердің әрекеті) Сөйлеуді дамыту–коммуникативтік, танымдық әрекеттер (тамақтану)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеуәрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Міндеті: Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, композицияны мақта таяқшасымен сурет салу арқылы безендіру. Дидактикалық ойын: «көңілді аққала» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын	Міндеті: Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, желімдеудің техникасын үйрету. Дидактикалық ойын: «сүйкімді қонжық» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)	Міндеті: Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу Дид ойын: «құмыра» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, құрастыру)	Міндеті: Қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, ұжымдық мүсіндеу. Дидактикалық ойын: «қысқа дайындама» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын дамыту, шығармашылық қабілеттерін шыңдау. (Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)	Міндеті: Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, өзіне ұнаған бұйымдарды мүсіндеу, оларды таяқшамен безендіру, желімдеудің техникасын үйрету: желімді қылқаламға, мұқият жағып алу, жаймадағы дайын үлгіге жағу, желімнің қалдықтарын сүртуге майлықты қолдану. Дид ойын: «бұл қай жануар?» Мақсаты: Қолдың ұсақ моторикасын

	дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау.(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Міндеті: Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етуді жалғастыру: «Анашым» Мақсаты: Ән айтуға үйрету. (музыка)	Міндеті: Ән айту. Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал етуді жалғастыру: «Көктемде» Мақсаты: Ән айтуға үйрету. (музыка)	жапсыру, мүсіндеу, құрастыру) Міндеті:Ұжымдық құрылыс жасауға баулу, өздерінің құрастырған бұйымдарын біріктіре отырып, дайын болған құрылыспен бірге ойнату. «Шеберхана» Мақсаты:Пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады (Құрастыру) Міндеті:..Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын бақылау (маусымдық), қыс мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу. «Бұл қай кезде болады?» (қоршаған ортамен	Міндеті: Құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнату. «Жаңа ғимараттар саламын» Мақсаты:Пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар тұрғызады (Құрастыру)	дамыту,шығармашылық қабілеттерін шыңдау.(Сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру)
--	--	--	--	--	---

			таныстыру)		
Баламен жеке жұмыс	Сұлтанханға балалармен, ересектермен сөйлесуге үйрету.	Расулға дұрыс сөйлеу қарқынына, дұрыс сөйлеуге үйрету.	Жомартқа қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолдануға үйрету.	Еркеназға қоршаған ортаға қатысты әртүрлі сұрақтарға жауап беруге дағдыландыру.	Абайға киінгенде, жуынғанда дербестік танытып, ұқыптылыққа баулу.
Серуенге дайындық	Серуенге қызығушылық туғызу; балалармен жеке әңгімелесу; Серуенге ойын материалдарын таңдау; серуенде балаларды әрекет етуге ынталандыру.				
Серуен	Серуен№6 Аязды бақылау.	Серуен № 7 Қыстап қалатын құстарды бақылау.	Серуен № 8 Адамдардың қысқы еңбегі.	Серуен№ 9 Шыршаны бақылау.	Серуен № 10 Мұзды бақылау.
Балалардың үйге қайтуы	Ауа райына байланысты баланың киімі туралы әңгіме	Баланың бүгінгі тәртібі жайлы әңгімелесу	Баланың бүгінгі жетістігі жайлы әңгіме	Баланың бүгінгі көңіл-күйін баяндау	Алда болатын іс-шараларға қатысты әңгіме